



Тіл әлемі Мир Языков

15 декабря 2015 г., №10 (150)
Издается с апреля 1997 года

15 желтоқсан 2015 ж., №10 (150)
1997 ж. сәуір айынан бастап шығады

Казахстан - «Мәңгілік ел»

Казахстан - это страна, которая богата своей историей и культурой. Страна, которая добилась значительных высот в мировой арене в кратчайшие сроки после достижения Независимости. Страна, которая готова развиваться дальше, укреплять экономику, стать способным к соперничеству, развивать как и внутривнутриполитическую систему, так и внешнеполитическую систему правления, чтобы войти в число 30 развитых стран мира.



Лидер Нации в своем выступлении 17 января указал стратегию «Мәңгілік Қазақстан», с помощью которой мы можем достичь поставленных целей. К 2050 году, Казахстан станет развитой страной, где будут обитать общество образованных, свободно-мыслящих людей, к тому же свободно говорящих на трех языках, если мы сами будем стремиться к этому.

В тюркском историко-лингвистическом понимании слово «мәңгі» соответствует смысловым значениям таких понятий, как «Тәңір», «Құдай», «Алла», полагает он. Таким образом, понятие «Мәңгілік ел» означает «страна, народ Всевышнего».

Проект «Мәңгілік Қазақстан» - это облик новой эпохи, к которому мы направляемся. Господин Назарбаев отметил важные проблемы страны, которых нужно решить в срочном порядке. Например: интенсивное развитие экономического статуса, малого бизнеса, увеличение научных потенци, а так же улучшение качества образования и многое другое. Задачей всех казахстанцев является быть единым. Наша сила только в единстве.

Будущее «Мәңгілік ел» непосредственно связана с историческом сознании нации, о котором в президент напоминает в каждой речи. Духовное богатство общества определяются от того, насколько глубока историческая память и корни исторического сознания нации. Ведь без связи с прошлым невозможно понимать настоящее и предвидеть будущее. Воспитывать любовь к родине и формировать чувство патриотизма является задачей каждого человека.

В сегодняшнюю эру глобализации, которая пожирает и обезличивает все на своем пути, идея «Мәңгілік ел» является гарантией расцвета нашей страны как передового, сильного государства.

С обретением независимости наша страна получила шанс для претворения в жизнь этой идеи.

Это означает, что у независимого Казахстана, известного мировому сообществу как стремящееся к добрососедству, миролюбивое, государство, есть огромный, пока еще никем не оцененный и все еще не использованный в полной мере потенциал.

Мы – независимое государство. Наша цель и долг – навечно сохранить нашу независимость. Что нужно для этого делать? Необходимо укрепить наш национальный дух, сохранить традиции и обычаи. Мәңгілік ел — вечная страна, вечное государство, вечный народ.

Стратегия запущена, первые шаги сделаны, теперь будущее страны зависит только от нас самих!

Токаева А.А.

Магистрантка 1 курса, Иностранная филология

ҚАЗАҚТЫҢ БОЛАШАҒЫ – ТӘУЕЛСІЗ ЕГЕМЕНДІ ЕЛІ!

Сан ғасырлар бойы қазақ елінің батырлары өз елінің тәуелсіз және егемен ел болуы үшін жан аямай күресіп, бүгінгі таңда ұлан байтақ жерімізді жаудан қорғап қалып, келешек ұрпағының Отаны етіп қалдырып кетті. Кез келген адамның өз Отаны, тұрғылықты жері бар болса, ол пенде ең бақытты болып есептеледі, себебі өзінің кіндік қаны тамған топырағына не жетер шіркін!

Біздің еліміз талай қиыншылықтар мен қуғын сүргіндерді көп көрген, алайда халқымыздың бірлігі мен Отанына деген сүйіспеншілігінің арқасында ол көргендерінің біріне де бой бермеген. Тарих тағылымы ол туралы көп сыр шертеді, сонымен қатар ақын жазушыларымыздың шығармаларында қиын қыстау кезі керемет суреттеліп көрсетілген. Сонау

жоңғарлардың шабуылы, Ұлы Отан соғысы, 1986 жылы болған оқиғалар міне осының бәрі біздің еліміздің басынан кешкен өте ауыр уақыт, бірақ қазақ өз жерін қорғауға келген кезде еш нәрседен тайсалмады. Ел сыйлаған қаһармандар, жауға шапқанда жүрексіңбейтін батырлар, елдің басын біріктірген би шешендер мен хандардың ерен еңбегінің жемісін қазіргі ұрпағы көріп отыр десек те болады.

Аталған қиыншылықтардың барлығы артта қалып, бүгін біз бүкіл әлем таныған, экономикасы гүлденген, индустриясы кемелденген көпұлтты Қазақстан мемлекетінде өмір сүріп жатырмыз. Еліміздің тәуелсіздігі жария болғаннан бері басшымыз, Елбасымыз бір адам болып келеді, ел ордасын еліміздің дәл орталығына көшіріп, оған Астана де-

ген атау беріп, мемлекетіміздің ең басты заңнамасы Конституциямызды басшылыққа ала отырып халқымызды басқарып келеді. Аз уақыт ішінде талай белестерден өтіп, төл мәдениетімізді дамытып, ауқымы кең халықаралық шараларға қатысып келе жатқан еліміздің болашағы зор болуы тиіс.

Бірлігі жарасқан, берекелі бақ қонған халқымның барына Жаратқанға мың шүкір айтуымыз әбден дұрыс шығар, себебі әлемде бір пұшпақ жерге зар болып жүрген, елі бар болсада жері жоқ халықтар қаншама көп. Сондықтан да өз елім өлең төсегімнің бар болуынан асқан бақыт жоқ деп білемін. Жасай бер, тұғыры биік, көк туы желбіреген қазағымның тәуелсіз елі!

Арай Калдыбаева
магистратура 1 курс



Құрметті Шолпан Әбілқызы!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 70 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Университет ұжымы Сізді өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға деп біледі. Сіздің терең біліміңіз, берік ұстаным мен іскерлік қабілетіңіз, үлкен азаматтық парасатыңыз Сізді университет ұжымы алдында зор құрметке бөледі. Сіздің жомарт көңіліңіз, адамға деген сыйластық сезіміңіз кімді болса да тәнті етпей қоймайды. Сіздің өмірлік ұстанымыңыз өз отбасыңыз үшін де, қатар жүрген әріптестеріңіз бен тілектес дос-жарандарыңыз үшін де зор мақтаныш. Сіз жүріп өткен сара жол жас ұрпаққа өнеге тұтар нағыз өмір мектебі.

Бұл жылдар Сіздің ұстаздық және ғылыми еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезеңі. Сіз шәкірттеріңізге деген сүйіспеншілігіңіз арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрінудесіз. Педагогика ғылымына қосқан Сіздің тың ойларыңыз бен жаңалықтарыңызды шәкірттеріңіз жалғастыруда.

Құрметті Шолпан Әбілқызы! Сіздің болашақ ұстаз тәрбиелеуге қосқан үлесіңіз ұшан теңіз. Сізден білім алған шәкірттер бүгінгі таңда еліміздің әрбір аймағында табысты еңбек етіп жүр. Бұл – ұстаз ұстанымы мықтылығының дәлелі. Осынау игілікті істе қажыр-қайратыңыз қашанда арта берсін. Сізге осындай мерейлі күні шын көңілден зор денсаулық,

ұзақ ғұмыр, отбасыңызға баянды бақыт, ырыс пен ынтымақ, шаттық пен береке тілейміз!

Университет ұжымы

Ұстаз тәлімінің сыры



Ұлы Абайдың: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық» - деген тамаша сөзі бар. Шолпан Әбілқызы Жалғасованың өмірі мен қызметі – осы ой-пікірге өте орынды дәлел.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі (1996-1999 жж.), Проблемалық Кеңестің мүшесі, кафедраның ғылыми-әдіснамалық семинарының мүшесі, кандидаттық диссертациялардың оппоненті, тәрбие жұмысы секциясының жетекшісі, кафедра жанынан ашылған «Меруерт» қыздар студенттік клубы мен «Парасат» педагогикалық үйірме жетекшісі, жас мұғалімдердің ақылшысы – осының бәрі бір адамның - Шолпан Әбілқызының ғана жеке басына тән.

Ғалым Ш.Ә.Жалғасова педагогика ғылымының аса маңызды саласының бірі – қыздар тәрбиесіне байланысты мәселенің шешімін табуда атсалысып келеді. Болашақ мұғалімдерді даярлау ісіне өмірінің 43 жылын арнады. Осы жылдар аралығында ол ұлағатты ұстаз атанды, серіктес - қызметтестері мен шәкірттері арасында жоғары беделге ие болды. Оның еңбектері бүгінгі тәрбие мәселесінің шешімін табуда негізге алынып отыр.

Осындай құрмет-беделге ие болған тұлғаның адами негізі қалай қалыптасты? Оның педагогикалық мәдениетінің рухани-адамгершілік, моральдық-этикалық қасиеттерінің қалыптасуына, ұлағатты ұстаз, ізденімпаз ғалым, қабілетті ұйымдастырушы болып қалыптасуына қандай орта, кімдер ықпал етті?

Ш.Ә. Жалғасова Қарағанды облысы, Егіндібұлақ ауданы, Мыржық ауыл советінде дүниеге келді. Әкесінен жастай айырлған Шолпан анасы – Мағзураның тәрбиесінде болды. Парасатты ана, халықтың қалауымен ауыл советінің председателі, депутаты қызметін атқара жүріп балаларының бойына адамгершілік қасиеттерін ерте жастан сіңісті ете білді. Олардың білім алып, елінің адал азаматы болып өсуіне барлық күш-жігерін жұмсады. Халық та оны еңбексүйгіштігі, әділдігі, адалдығы, халыққа қамқорлығы, көмегі, сенімі үшін құрмет тұтты.

Жасынан ұғымтал, зерек Шолпан анасынан алған үлгі - өнегесін №1 қазақ орта мектебінен зерделеген білімдерімен толықтыра түсті. Тәжірибелі тәлімгер ұстаздардың көмегімен (А. Түсіпбаева, Т. Шамшиева, З. Боранбаев және т.б.) білімге, ғылымға құштарлығы артты. Оны әсіресе, география-биология пәндері қызықтырды, пәннің адам дүниетанымына, көркем-эстетикалық талғамына, эмоционалдық сезіміне берер әсері Шолпанды география-биология пәні мұғалімі болсам деген арман – асуларына жетеледі.

Оның бұл арманын Алматыдағы туған апасы, медицина ғылымдарының кандидаты, ҚазССР медицина саласына Еңбек сіңірген қайраткер – Марияш Әбілқызы мен жездесі, техника ғылымдарының кандидаты Ғабдолсән Хамзаұлы қуана қоштады. Солардың берген ақыл-кеңесімен, көмек-қолдауымен, анасының ақ батасымен Шолпан 1964 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты география факультетінің география-биология бөліміне келіп түсті. Институтта ғылыми еңбектерімен елге танылған, Қазақстан ғылымының мақтанышына айналған ҚР ҰҒА-ның академигі, география ғылымдарының докторы, профессор Ә.С. Бейсенова, ҚР ҰҒА-ның академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б. Бержанов, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Б.Р. Айтмағанбетова, биология ғылымдарының кандидаты, доцент К.С. Сағатов сынды ғалымдардан дәріс алды. Өзінің оқуға, білімге деген ынта – ықыласымен, алғырлығымен, әншілік тума өнерімен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Факультеттегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, комсомол ұйымының хатшысы болып тағайындалды. Әрбір істі жауапкершілікпен атқарды, оқу озаты болып, Лениндік стипендиат атанды.

«Білім – ақылдың көркі» екенін жақсы түсінген Шолпан Әбілқызы, өзінің барлық ынта-зейінін білімге аударды, көп ізденіп, көп оқыды. Курстық жұмыстар мен рефераттар жазып, баяндамалар жасау арқылы ғылымның қыр-сырын меңгерді.

«Ғылыми жұмыс өмірдің мән-мағынасына айналғанда ғана жемісті болмақ», деген оймен Шолпан Әбілқызы өзінің институт қабырғасында алған білімін аспирантурада жалғастырды. Аспирантурада Шолпан Әбілқызы тәжіктің белгілі ғалымы, қазақ ғылымына ғалымдар даярлауда елеулі үлес қосқан, ССРО Педагогика ғылымдары Академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор И. Обидовтың жетекшілігінде «Жалпы білім беретін қазақ орта мектептерінде қазақ қыздарын оқыту мен тәрбиелеудің жалғасы 3-ші бетте

педагогикалық проблемалары» тақырыбына кандидаттық диссертация жазып, Кеңес мүшелерінің бірауызды қолдауымен табысты қорғап шықты.

Зерттеуде жас ғалым 1941-1985 жылдар аралығындағы жалпы білім беретін мектептерде қазақ қыздарының оқу-тәрбие мәселесі қандай жағдайда, қалай жүзеге асырылғандығы жайлы баяндайды. Сонымен бірге мектептерде меңгерілген білім мазмұнына, оны оқыту әдістеріне, жинақталған тәжірибелерге жан-жақты талдау береді. Тәрбиенің негізі отбасында қаланатындығын ескере отырып, ұлттық және отбасы дәстүрлерінің қыздар тәрбиесіндегі рөліне тоқталады. Ауыл мектептерінің оқу-тәрбие жұмыстарын жетілдіру жодарын қарастырады.

Шолпан Әбілқызының бұл еңбегі бүгінгі таңда «Педагогика», «Педагогика тарихы», «Этнопедагогика», «Тәрбие жұмысының әдістемесі» пәндерін оқыту барысында негізге алынып жүр.

Аспирантураны ойдағыдай бітірісімен Ш.Ә. Жалғасова 1972 жылы Алматы шетел тілдері педагогикалық институтының (қазіргі Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ) педагогика және психология кафедрасына жұмысқа араласады. Кафедраның жетекші ғалымдары: педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Г.М. Храпченков, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Т.С. Сабыровтың және т.б. лекцияларына қатысып, ақыл-кеңестерін тыңдап, әдістемелік тәжірибесін шыңдайды.

Содан бері, өзіне сенім артып, білікті маман ретінде қабылдаған университетімен, бірге көркейіп, бірге марқайып келеді - алғашында оқытушы, аға оқытушы, доцент қызметін атқарса, 2003 жылдан бастап мамандар даярлаудағы еңбегі бағаланып, университет профессоры атағы беріледі. «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша мұғалімдер даярлайтын Педагогикалық факультетте дәріс оқиды. Мамандықты меңгерген студенттер жалпы білім беретін мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде шетел тілдерінен сабақ береді. Сондай-ақ мектептен тыс мекемелер мен арнайы мектептерде және тіл орталықтарында жұмыс жасай алады.

Ш.Ә. Жалғасова осы мамандық бойынша білім алып жүрген студенттерге «Педагогика», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндерінен жоғары кәсіби деңгейде лекция оқып, семинар және практикалық сабақтар жүргізеді. Өзінің сабақ беру шеберлігімен, гумандық көзқарасымен, заманауи технологияларды орынды пайдалануымен шәкірттерін өзіне баурайды, оларды өзіндік шығармашылық ізденіске бағдарлайды.

Шолпан Әбілқызы, сонымен бірге «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім алып жүрген магистранттарға да «Білім беру сапасының менеджмент жүйесі», «Қазіргі педагогикалық технологиялар» пәндерінен дәріс оқиды. Өзінің жылдар бойы жинап, қорытындылаған тәжірибесімен бөлісуден аянбайды, студенттерге сабақ беру әдістемесімен таныстырады. Оның бұл әдістемелік тәжірибесі, жоғарыда аталған пәндер бойынша даярланған оқу-әдістемелік кешендерде көрініс алады.

Ұлағатты ұстаз, *«адамды, тек оның өзіндік ішкі түйсігі, басқаша айтқанда, өзіндік дербес ой толғауы, әсерленуі, адамдардан немесе кітаптардан үйренген-білгенін жете түсінуі білімді етеді»*, - деген қағиданы берік ұстанады. Өзінің білімін шыңдаудан жалықпайды. Халықаралық, Республикалық ғылыми - практикалық конференцияларға қатысып, бүгінгі білім жүйесіндегі өзекті мәселелерге баяндамалар жасайды. Әдіснамалық семинарларға келіп түскен магистрлік және докторлық диссертациялардың талдауына қатысып, өз ойымен

бөліседі. Дәріс беріп жүрген пәндер бойынша бағдарламалар даярлап, оқу-әдістемелік кешендер ұсынады.

Бүгінгі таңда Ш.Ә.Жалғасованың 60-тан астам ғылыми еңбегі басылым көрді. Солардың ішінде «Қазақстан Республикасы орта білім беретін мектептеріндегі қыз балалар тәрбиесінің этнопедагогикалық ерекшеліктері» атты оқу құралы, «Педагогика» курсы лекцияларының тезисі, «Сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар», «Психологиялық - педагогикалық терминдердің ғылыми-түсіндірме сөздігі», ғылыми мақалалар (импакт-фактор) және т.б.

Ш.Ә. Жалғасованың жетекшілігінде орындалған студенттердің ғылыми зерттеулері мен дипломдық жұмыстарының және жылма-жыл болатын «Педагогикалық Олимпиадаға» қатысқан студенттер командасы даярлығының сапалық деңгейі де өте жоғары. Оны комиссия мүшелерінің оларға берген бағаларынан көруге болады. Мәселен, студент А. Қалиева Сүлеймен Демирел атындағы университетте өткен «Қазақстан ғылымының дамуы мен болашағы жастар көзімен» атты III Халықаралық дәстүрлі студенттік ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, дипломант атанса, Олимпиадаға қатысқан командалары жүлделі орыннан түскен емес.

Әдетте, *«ұстазы мықтының, ұстанымы мықты»*, деп халық бекер айтпаған. Терең ой мен білімділікті, зиялылық пен тектілікті, кішіпейілділік пен парасаттылықты бойына жиған Шолпан Әбілқызынан осы жылдар аралығында адами тәрбие, рухани азық алған, ұстаз тұлғасын арманына балап, өмірлік ұстанымын өнеге тұтқан шәкірттер өздерінің сүйікті ұстаздарын:

Өзіңнен өмірге азық ала бердім,
Ұшырып мені алысқа қала бердің.
Бойымда отың кетті ұшқын атқан,
Келеді жана бергім, жана бергім!

- деп, ризалық сезіммен еске алады, *«болмасаң да, ұқсап бақ»* деген ниетпен, білім, ғылым шыңынан көрінуге талпынады. Бүгінде олар республикамыздың білім беру жүйесінде, алыс және жақын шет мемлекеттердегі Елшіліктерде туған елінің өсіп-өркендеуіне, бәсекелестікке қабылетті, әлемдік деңгейдегі мемлекеттердің қатарына көтерілуіне өз үлестерін қосып жүр. Атап айтсақ, С. Әбенбаев – педагогика ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ профессоры; Д. Каримов – Германия елшілігінде; Н. Құдайбергенов – Иордания елшілігінде; Д. Берікқажы – ақын, журнал редакторы; Т. Ильясова – ақын; С. Сауықбаева - №4 мектеп директоры; А. Абылова – мектеп директоры; Ж. Сарқанбаева – педагогика ғылымдарының магистрі, Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ аға оқытушысы және т.б. Бұл – ұстаз еңбегінің нәтижесі, ұстаз мақтанышы екені сөзсіз.

Әрине, Шолпан Әбілқызының ұстаздық қызметте, ғылымда, қоғамдық өмірде елеулі жетістікке жетуінде өз отбасының орны ерекше. Жұбайы – Нариман Жалғасұлы, академик, техника ғылымдарының докторы, профессор, Д.А.Қонаев атындағы кен істер институтының *«Экология және кен жұмысы қауіпсіздігі»* бөлімінің бастығы, Республика мен шет мемлекеттерге танымал ғалым. Ол өзінің сүйікті жары – Шолпан Әбілқызының еңбекте де, ғылымда да өзімен бірге тең басып, қатар жүруін қалаған және бұл теңдіктің ерлі – зайыптылардың рухани үйлесімділігіне берері мол екендігіне кәміл сенген.

Ұлағатты ұстаздың балалары да өмірден өз орындарын тапқан жандар: қыздары: Айгерім – финансист; Салтанат - Автокапитал жүйесінің жетекшісі; ұлы Ерлан – психолог, Автоматты басқару жүйесінің маманы. Немерелері: Әмір мен Абай Куала – Лумпур қаласының «SEGI» университетінің, Асем - Алматы Менеджмент университетінің және Абылай - Орталық Азия университетінің студенттері. Іңкәр, Жантемір, Ажар - мектеп оқушылары.

Ш.Ә. Жалғасованың білім беру жүйесіндегі, қоғамдық қызметтегі жетістіктерін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігі мен өзі қызмет етіп жүрген университеті де орынды бағалап отыр: «Құрмет грамотасы», «Білім беру үздігі» төс белгісі, «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-нің 70 жылдығы» төс белгісі, университеттің «Құрмет грамоталары».

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен 18.11.2015 ж., сағ. 10:00 «*Ұстаздық менің - Ұстанымым*» атты психологиялық-педагогикалық олимпиада өткізілді.

Олимпиаданың мақсаты болашақ мұғалімдердің кәсіби тұлғалық шығармашылық әлеуетін өздігінен жүзеге асыру және ашу үшін жағдайлар туғызуды.

Психологиялық-педагогикалық олимпиада бірнеше конкурстан тұрды: 1. Команда таныстырылымы; 2. Педагогикалық эссе; 3. Эрудит; 4. Фильмді рецензиялау; 5. Педагогикалық ертегі

Олимпиада осы конкурстардың негізінде студенттердің педагогика мен психология бойынша білімдер мен біліктерді шығармашылықпен қолдануы негізінде жарыс түрінде жүргізілді.

Психологиялық-педагогикалық олимпиаданы педагогикалық факультеттің деканы фил.ғ.д., профессор А.Ислам салтанатты түрде ашты.

Олимпиадаға педагогикалық факультеттің «Шет тілі: Екі шет тілі» мамандығының 1-2 курс студенттері қатысты. Олимпиада да 8 команда өнер көрсетті. Олар «Болашақ педагог» және «Ұлағатты ұстаз» топтары – жетекшісі п.ғ.к., профессор Абенбаев С.Ш., Жалғасова Ш.А., «Асыл мұра» тобы – жетекшісі п.ғ.к., аға оқытушы Жансүгірова К.Т., «Асыл тұлға» тобы – жетекшісі пед. ғыл.магистрі, аға оқытушы Сарқанбаева Г.К., «Новое поколение» тобы - жетекшісі п.ғ.к., профессор Бейсембаева А.А., «Звезды среди нас» және «Лига педагогов» топтары – жетекшісі п.ғ.к., доцент

Қазіргі замандағы терроризмдік мәселесі

Терроризм қазіргі заманымызда өте өзекті мәселе болып табылады. Әлемдік қауымдастықтың жаңа жауы пайда болды. Ол күшті де қауіпті, қатыгез де зұлым, ол – лаңкестік. Оны жеңбейінше жоймайынша) ешкім де қай жерде болмасын өзін толық қауіпсіздікте екенін сезіне алмайды. Қазірдің өзінде лаңкестікті «XXI ғасыр обасы» деп атауға болады, өйткені ол өзінің күйретуші күші жағынан осы аурумен теңдес. Статистика бойынша екі күннің бірінде лаңкестік әрекет жасалып, оның нәтижесінде кінәсіз адамдар қаза болуда. Жыл сайын лаңкестік әрекеттер саны өсуде. Қатыгездік өсіп, құрбандар саны көбейіп жатыр. Лаңкестердің дайындығы мен ұйымшылдығы жақсаруда. Келесі лаңкестік әрекет, өткен әрекеттен әрдайым үрейлі. Мысалға алатын болсақ, жақында болған Париждегі оқиға және Египеттегі самолеттің жарылысын айтуға болады. Олар кінәсіз адамдардың кішкентай бала немесе жас-кәрі деп қарамайды.

Терроризм – латын тілінен terror (террор) Қорқыту, өлім жазасына берумен үркіту, өлтіру және барлық сұмдық қаталдықтар (Даль сөздігі).

Срнымен қатар, лаңкестік қазіргі заманғы ең қауіпті де қиын болжалды құбылыстар қатарына жатады. Ол түрлі формалар мен қауіпті масштабтарға дейін өсіп келе жатыр. Лаңкестік әрекеттер көптеген адамдардың қазасына, қалпына келтіре алмайтын материалды және ру-

Әлбетте, бір мақаланың аясында Ш.Ә.Жалғасованың бүкіл өмір жолын, өзіндік болмысын жан-жақты баяндап шығу мүмкін емес. Мен тек оның өмірі мен қызметінің кейбір қырларына ғана тоқталып өттім.

Бергеннен берері, алғанынан алар асулары көп Ұлағатты ұстаз – Шолпан Әбілқызын мерейтойымен құттықтай отырып, университет, педагогика факультеті мен педагогика және психология кафедрасы ұжымының атынан зор денсаулық, шығармашылыққа толы қызықты да ұзақ ғұмыр, отбасына ынтымақ пен бақ-береке тілеймін.

*Педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, педагогика және психология
кафедрасының меңгерушісі
Ұзақбаева Сақыпжамал Асқарқызы*



Көшербаева Г.Н., «Писатели души» тобы – жетекшісі п.ғ.к., доцент Кусайнова М.А.

Психологиялық – педагогикалық олимпиада конкурстарының нәтижесі бойынша кафедра меңгерушісі п.ғ.д., профессор Ұзақбаева С.А. «Новое поколение» командасын I-орын, «Болашақ педагог» және «Лига педагогов» командаларын II-орын, «Асыл тұлға» және «Звезды среди нас» командаларын III-орын дипломдарымен марапаттап, алдағы білім жолында мол табыстар тіледі.

*Пед.ғыл. магистрі, аға оқытушы Сарқанбаева Г.К.
Пед.ғыл. магистрі, аға оқытушы Абилова З.Т.
Педагогика және психология кафедрасы*

Пердебекова А. Магистрант, Шетел филологиясы

Общая редакция – ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д.филол.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – начальник управления УМО, д.ф.н., Т.А. КУЛЬГИЛЬДИНОВА

Редакционная коллегия: Дизайн, верстка КЫНЫРБЕКОВ Б.С.

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков» имени Абылай хана

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации Республики Казахстан

Подписано в печать: 15.12.2015 г., Заказ № 981. Тираж 100 экз.

Отпечатано в «ИПЦ» КазУМОиМЯ им. Абылай хана, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200